

Т а н ы м

Таным – сыртқы заттар мен құбылыстардың, олардың қатынастарының адам санасында идеалды образдар жүйесі ретінде бейнелеуінің қайшылыққа толы күрделі проіесі. Кейбір философтар дүниені танып-білу мүмкіндігін мүлде жоққа шығарады, абсолютті ақиқат, заттардың ішкі мәніне таным арқылы жетуді мойындамайды, мұндай позиция **агностицизм** д,а.(Д.Юм, И.Кант)

Дүниені танып-білудің мәні

Ақыл-параса, сана-сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі -өзін қоршаған ортаны танып – білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым-қатынасын белгілейді. Дүниені танып-білудің негізінде құбылыстардың адам санасында бейнеленуі жатады. Бейнелеу теориясының мәні мынада: заттар, құбылыстар мен процестер және олардың қасиеттері мен маңызды байланыстары танып-білуші субъектіден тәуелсіз өмір сүреді. Түйсіктердің, қабылдаудың және ақыл-ой арқасында біз заттарды, олардың қасиеттерін танып-білеміз.

Таным процесінің диалектикасы

Танымның субъектісі

деп жеке адамдарды,
таптар мен әлеуметтік
топтарды, кең
мағынада алғанда,
тұтас тарихи нақтылы
қоғамды айтуға болады.

Танымның объектісі

Материалдық және
рухани дүниенің
қоғаммен практикалық
және теориялық
тұрғыдан қарым-
қатынасқа түсетін,
нақты тарихи іс-әрекет
барысында субъекті
игерген бөлігі.

Таным объектілері адамның практикалық қызметімен тығыз байланысты және әрқашан соған тәуелді болады. **Практика** дегеніміз- адамдардың табиғатты және қоғамдық құбылыстарды нысаналы түрде өзгертуге бағытталған қоғамдық және материалдық қызметі.

Сезімдік таным дегеніміз- сезім мүшелері: көру, есту, сезіну және басқалар арқылы жүзеге асырлатын танып білу. Сезім мүшелері болса біздің айналымыздағы дүние туралы мәліметтер санамызға келіп кіретін бірден бір арна болып табылады. Сезім мүшелері үш формада болады:

- Түйсік
- Қабылдау
- Елестеу

Логикалық ойлаудың негізгі түрлері:

- **ҰҒЫМ** (логикалық ойлаудың аса маңызды элементі. Бүкіл ойлау процесі ұғымдар туғызу, оларды жүйеге келтіру және пайдалану жолымен қалыптасады)
- **Пікір** (заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстар мен қатынастар бөлшектелген және кеңінен жинақталған түрде бейнеленеді.)
- **Ой тұжырымы** (осы арқылы біз бастапқы білімнен логикалық жолмен жаңа білім аламыз)

Ақиқат теориясы

- **Ақиқат** – танымның негізгі мақсаты. Ақиқат дегеніміз-біздің біліміздің бізден тысқары тұрған объектіге сәйкес келуі, оның санамызда дәл көрініс тауып, бейнелеуі. Ақиқатқа жету субъект пен объект арасындағы өзара байланыс негізінде жүріп жататын әлеуметтік-тарихи процесс
- **Салыстырмалы ақиқат**- толық емес білім
- **Абсолюттік ақиқат**- толық және дәл білім

Ғылыми танымның әдістері мен түрлері

Таным өте күрделі, қайшылыққа толы, ұзаққа созылатын процес болғандықтан, оны іске асыру барысында түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылатыны өзінен-өзі түсінікті. Кең мағынада **әдіс** дегеніміз белгілі бір мәселені шешу үшін таңдап алынған жол, қолданылатын айла мен әрекеттер жиынтығы. Ғылыми таным әдістерін қолданудың басты мақсаты-шынайы, ақиқат білімге қол жеткізу.

- **Эмпириялық ,теориялық**
- **Бақылау**
- **Эксперимент**
- **Модельдеу**
- **Анализ**
- **Индукция**
- **Дедукция**
- **Абстракциялар**
- **Нақтылыққа**
- **Тарих**
- **Логикалық**
- **Жүйелік-құрылымдық**

Танымның ерекшелік формалары:

- мифология;
- өнер;
- діни таным;
- ойын танымы, ойындық таным-математикада, экономикада, кибернетикада қолданылады.
- Методологиялық көзқарас жағынан алғанда ойын дегеніміз ең алдымен баршылық шынайы тіршіліктің немесе потенциалды жүзеге асатын гипотезалар, теориялар, қатыныстар жүйесі, іс-әрекет ережелерінің (нормаларының) имитациясы.
- Ойын танымы ұғымын голландия тарихшысы мен мәдениет теоретигі Иохан Хейзинга (1872-1945) «Homo ludens» («Ойнаушы адам») (1938) деген еңбегінде қарастырды. Ойын дегеніміз «трансценденция тілі», сол дүниеде адами іс-әрекет, қылық еркіндігі толық ашылады. Өнер арқылы құбылатын ойын-бұл фәнилік пен бақилық, адам мен Құдай, жердегі мен көктегінің айтысы кеңістігі.

- **«Шындық - идеализмде емес, материализмде емес, шындық тек антропология»**, - деп жазды Фейербах. Бірақ ол өзінің антропологиялық материализмінің нағыз метафизикалық материализм екенін байқамады. Таным сезімнен басталады, — деп уағыздады Л. Фейербах. Шындықтың дәйегі - оның іштен туған санаға сай келуі деп түсінді. Бұл оның идеализмге жасаған орынсыз кешірімі болатын. Л. Фейербах Гегельдің идеализмін орынды сынай отырып, оның диалектикасының мәнін түсінбей, оны керексіз деп, теріске шығарды. Л. Фейербах христиан дінін де орынды сынады, бірақ діннен ол біржолата қол үзбеді.

Назарларыңызға рахмет!!!

